

"Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 244-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 маусымда № 28308 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13217 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесіне, мөлшерлемелер көлеміне және олардың қолданылу мерзіміне:

"Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлардың жекелеген түрлері, мөлшерлемелер көлемі және олардың қолданылу мерзімі" деген 1-бөлімде:

реттік нөмірлері 18, 19, 20 және 21-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

18	8101 97 000 0, 8102 97 000 0, 8103 20 000 0, 8103 30 000 0, 8104 11 000 0, 8104 20 000 0, 8106 10 000 0, 8106 90 000 0, 8108 20 000 1, 8108 20 000 3, 8108 20 000 6, 8108 30 000 0, 8110 10 000 0, 8110 20 000 0, 8111 00 110 0, 8112 12 000 0, 8112 13 000 0, 8112 21 900 0, 8112 22 000 0, 8112 41 000 9,	Өзге де бағалы емес металдар; металл керамика; олардан жасалған бұйымдар	10%	тұрақты
----	---	--	-----	---------

	8112 69 000 1, 8112 92 410 0, 8112 92 810 0 қоспағада 8101-811300			
19	8112 51 000 0	Өңделмеген таллий; ұнтақтар	5%	тұрақты
20	8201-8215	Қымбат бағалы емес металдардан жасалған құрал-саймандар, керек-жарақтар, пышақ бұйымдары, қасықтар мен шанышқылар, олардың қымбат бағалы емес металдардан жасалған бөліктері	10%	тұрақты
21	8607 19 100 1	Жиналған немесе бөлшектелген түрдегі біліктер; дөңгелектер және б ұ р ы н пайдаланылған оның бөлшектері	5%	тұрақты

”;

реттік нөмірі 22-жол алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК